



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

main points made during the discussion of the topic. Then move on, making a logical transition to the next topic.

Literature:

1. Bligh D.A., *What's the use of lectures?* San Francisco: Jossey-Bass, 2000, p.117
2. Brookfield S.D., & Preskill S., *Discussion as a way of teaching: Tools and techniques for democratic classrooms.* San Francisco: Jossey-Bass, 1999, p.141
3. Cashin W.E., *Student rating of teaching: A summary of the research* (IDEA Paper No. 20). Manhattan: Kansas State University, Center for Faculty Evaluation and Development. 1988, p.318
4. McKeachie W.J., *Teaching tips: Strategies, research, and theory for college and university teachers* (11th ed.). Boston: Houghton Mifflin, 2002, p.140-141

ОӘК: 810.11:381.70

АМЕРИКАЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Задаханова Алия Азатхановна

zadakhana.aliya@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының
4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Досжан Г.А.

Кез келген тілдің сөздік байлығын білу үшін ол тілдің элементтері қандайда бір байланыста болатын, заңды қарым-қатынастағы белгілі жүйе түрінде қабылдау керек. Жаңа сөздердің пайда болуы, мағыналардың дамуы, қолдану және стилистикалық сипаттамасы бойынша сөздіктің дифференциациясы, мағыналардың арақатынасы және сөздердің түсінігі және басқа да сөзге қатысты мәселелер әртүрлі және әр жоспарлы болуымен тілдің лексикасы бір қарағанда шынымен жүйесіз сияқты көрінеді [1, 326].

Негізінде лексиканың келесідей жолдары бар:

- 1) Ұлыбритания және АҚШ-тың аймақтық диалектілеріне енетін лексика;
- 2) Ағылшын тілінің бір нұсқасының аймақтық шектеуіне енетін әдеби тілдің лексикасы;
- 3) Әдеби тілдің бір нұсқасымен шектелген және аймақтық шектелмеген лексика;
- 4) Әдеби тілге енетін және аймақтық шектеу жоқ лексика.

Бірінші топқа кіретін лексикалық бірліктер диалект болып саналады. Екінші және үшінші топқа кіретін лексикалық бірліктер американизмдер және британизмдер деп аталынады. Төртінші топқа кіретін лексика жалпы ағылшын, яғни әдеби ағылшын тілінің лексика-семантикалық жүйесін құрайды.

Ағылшын тілі – ауызша алынған тіл ретінде белгілі. Американдық ағылшын тілінің пайда болуына түрлі тілдерде сөйлесетін және түрлі мәдениетке ие әртүрлі халықтармен араласа бастаған ағылшын тілді колонистер әсер етті. Осындай халықтардан алынған көптеген сөздер XVII ғасырдағы ағылшын тіліне енгізілді. Ең алғашында түрлі үнді тайпаларының тілдерінен алынған сөздер кірді. Бұл жаңа заттарды, сапа, операция, концепциялар мен идеяларды талқылау қажеттілігінен туындады. Адамдарды басқа жаңа ортаға аудару қарым-қатынаста қиындықтар тудырып, оны қатыгез етеді [2,146].

Осыған орай, үндістерден мысал ретінде hickory (гикори), persimmon (хурма), egg-plant (баклажан), red cedar (қызыл кедр) деп аталынатын өсімдіктердің, өзендердің географиялық атаулары ғана емес, сондай-ақ raccoons (енот) және woodchucks (ормандық солтүстік америкалық суыр) сияқты жануарлардың атаулары да алынды. Сонымен қатар, еңбек саласы және жаңа тамақты дайындау саласындағы сөздер: moccasin (мокасин), wigwam (вигвам), toboggan (шана), tomahawk (томагавк), totem (тотем), igloo (игла), hammock (гамак) және т.б. Француз тілінен бірқатар сөздер алынды: rapids (стремнины), prairies (прерии), chowder

(көже).

Алайда әлдеқайда көп сөздері алынған ол испан тілі болды, себебі ағылшын тілді қоныс аударушылар Тынық мұхиттың оңтүстігі мен батысына қарай ауысты. Испан сөздер екі түрлі кезеңде қабылданды. Алғашқы колониалдық күндері американдық ағылшын креолдардан берілді. Бұдан әрі мексика соғысынан кейін (1846-1848) испанша сөйлейтін Техас және батыс Испания тұрғындарымен қатынасқа түсу *cañon* (каньон), *ranch* (ранчо), *sombrero* (сомбреро), сөздерінің кіруіне әкелді. Нью-Йорктың неміс тілді қоныс аударушылары американдық ағылшын тіліне келесідей: *boss* (босс), *cookie* (печенье), *scow* (шаланда), *Santa Claus* (аяз ата) сөздерді енгізді.

Герман, италия және батыстық славян халықтарының өкілдері сияқты кейбір басқа эмигранттар да толқын әкелді. Оларда сондай-ақ американдық ағылшынның тілін байытты [3, 246].

Ағылшындардың алғашқы колониялары америка континентінде 1607 жылы қазіргі Вирджиния штатының аймағында орналасқан Джеймстаун қаласында орналасқан. Ал 1620 жылы кемемен келушілер Плимут қаласына қоныстанды. Осы екі қоныстанушы халықтар әртүрлі тілдік дәстүрлерге ие. Джеймстаун колонистері негізінен Англияның батыс бөлігінен, яғни Сомерсет, Глостершир сияқты графтігінен келушілер болды және бұл елдің халықтарына халықтарына тән сөз айтылымдарымен ([s] дыбысының басым аталуы, мысалы Сомерсет атауын Зомерзет деп атайды, [r] дыбысының дауыссыздардан кейін дыбысталуы) келді. Диалектілердің дамуы тұрғылықты көшіп келуші халықтарға байланысты нақты болмаған, осыдан кейін тіл де өзгеріске түсуі дамып отырды. Жаңа мемлекет – Америка Құрама штатына бұқара халықтың көптеп көшіп келуі XIX-XX ғғ дейін жалғасты. Тілдердің көптігіне және жаңа қоныс аударушылардың мәдениетіне қарамастан, негізгі үстем тіл ол ағылшын тілі болып есептелді [4, 286].

Америкадағы ағылшын тілінің тағдыры бұрыннан көптеген талқылауларға негіз болған. Ағылшын тілімен тең құқылы, өз бетінше дербес бөлек америка тілінің теориясы ең алғаш атақты америка лексикографы Ной Вебстердің (1758-1843) жұмыстарында туындаған. Осыған орай, ағылшын тілінің тарихы Америка елінде үш ғасырдан артық жалғасты, және оны алғашқы және кейінгі деп екі кезеңге бөлу пайда болды.

Алғашқы кезең (XVII ғасырдың басы мен XVIII ғасырдың соңына дейін). Ол ағылшын тілінің американдық диалектілерінің пайда болуымен сипатталады.

Диалект – *dialektos*, жергілікті айтылым, говор, аймақтық диалект, өзіне тән грамматикалық құрылымы және негізгі сөздік құрылымы бар, ұлттың құрылуы барысында негізгі ұлттық тілдің негізіне ие бола алады.

Кейінгі кезең (XIX-XX ғасыр) ағылшын тілінің американдық нұсқасының құрылуымен сипатталады.

Аталған кезеңдер уақыттары бойынша тең, бірақ мағыналары бойынша әртүрлі [5, 396].

Алғашқы кезеңде Америкадағы ағылшын тілі XVII ғасырда Англияда қабылданған нормаларға негізделген болатын. XVI-XVII ғасырлардағы ағылшын сөз айтылымы тілдің қазіргі кездегі айтылымынан әлдеқайда өзгеше болған. Өзгерістер Америкадағы ағылшын тіліне мүлде тиіспеген не аз көлемде ғана әсер еткен.

Американдық ағылшын тілінің қалыптасуына Ной Вебстер (1758-1843) үлкен үлес қосты. Ол тілдің «негізін қалыптастырушы-әкесі» болды. Ной фонетика, орфография, қазір қабылданған тілдің лексикасы сияқты көптеген америка формаларын жасап шығарды.

Американдық ағылшынның дамуына ерекше үлес қосушылар – Ирвинг Вашингтон, Купер Фенимор, Уитмен Уолт, Марк Твен, О.Генри және Джек Лондон. Олар ағылшынның ататқты жазушылары бола отырып, халықтың тіл байлығын ерекше сақтап, кез келген американизмдер мен варвар сөздердің қарсыластары болды.

Ағылшын тілшісі Хоруилл өзінің «*A Dictionary of Modern American Usage*» атақты сөздігінде американдық кірме сөздердің арасынан Англияда толығымен «натуралданған» және кейбіреулері әлі де «натуралдану» кезеңінде жатқан деп есептейді [Harwell, 1935:45]. Біріншісіне ол келесі сөздер мен фразеологиялық бірліктерді енгізеді: *high-brow*, *round-up*, *put*

over, turn down, get away (with something), get a move on, make good. Екіншісіне: bell-boy, carpet-sense, frame-up, gold-brick, fan жанкүйер, side-track (етістік), iron out, deliver the goods және т.б.

Осы бөлімде ағылшын тілінің американдық нұсқасының дамуын қадағалап отыруға көмектесетін, меңгерілген әдебиетке талдау жасалынған.

Көптеген әдеби дереккөздерді зерттеп, ағылшын тілінің американдық нұсқасына ықшамдалған жазылымның тән екендігіне көз жеткізуге болады. Осы ықшамдалудың негізін салушы Ной Вебстер. Ол өзінің сөздігінде көптеген қарапайым сөздерді енгізген және егер осы қарапайым сөздерді барлық халық қолданса онда тілге енуіне толыққанды құқығы бар екендігін түсіндіреді. Ол ағылшын тілінің американдық нұсқасының дамуына үлкен ықпал етті. Американдық балаларының американдық оқулықтары бойынша оқытылулары керек деген ұғымымен көптеген оқулықтар шығарылды. Ол сөздігіне америка тілінде қолданылатын бірақ таза ағылшындық емес көптеген сөздерді енгізген. Дегенмен, осы жағдайлардың бәрі ағылшын тілінің материалдарында жүзеге асырылып жатты.

Ной Вебстер даулы, қате, кейде тіпті принципті қате көзқарастар айтқан. Оның көптеген теоретикалық айтылымдары аңқау және тік болды. Бірақ толығымен оның еңбектері көптеген ағылшын лингвистерінің жұмыстарына ықпал етті, АҚШ-тағы ағылшын тілінің ерекшеліктеріне назар аудартып, әдеби нормаларының жасалуының қажеттілігін тудырды. Ол АҚШ-тың әдеби тәуелсіздігіне ұзақ жүре отырып қол жеткізді. Көптеген лингвистер мен сыншылар Вебстер салған жолмен жүріп, өз еңбектерін жасап, Вебстердің көзқарасын қолдап дамытты. Ной Вебстер американдық тілінің дербес екендігін дәлелдеуге тырысқанымен, оның тек ағылшын тілінің американдық нұсқасы екендігін ғана дәлелдей алды.

АҚШ аймағындағы тұратын халықтың 70% ағылшын тілін тасымалдаушы болып табылатындықтан, осы тілдік нұсқа ағылшын тілін шет тіл деп оқыту барысында ықпалды болып табылады, бұрын оқу құралдары мен әдеби тіл британдық нұсқасына сүйенген (нормативті айтылым). XX ғасырдың 50-60 жылдарында британдық, австралиялық, жаңа Зеландия, Канада және Ирландия халықтарының ағылшын тіліне американизмдердің енуі күшейе бастаған, ал 70-90 жылдары өзге тілді халықтардың сөйлеу тілдеріне де ене бастады. Әсіресе американизмдер латын алфавитін пайдаланушы (француз, италия, поляк және т.б.) аз көлемдегі тілді алып жүрушілердің лексикалық құрамына қарыштап ене бастады, сондай-ақ герман тілдеріне (нидерландық, неміс, дат және т.б.). Бұл құбылысқа испан, орыс, қытай тілдері ұшырамады.

XX ғасырдың соңында осындай белең алушылық ағылшын тілді мемлекетті неоколониализмге, тілдік империализмге, басқа тілдерді басушы және антиглобалистік қозғалысты қозғаушы деп айып тақты. Сонымен қатар, көптеген елдерде ағылшын тілінің және англицизмнің дамуы ерікті түрде дамыды.

Әр халықтың тілі ерекше құбылыс, себеі олардың әрқайсылары да қайталанбайтын тілдік материалдарда жүзеге асырылады. Тілдік өзгерістер тілдің қарым-қатынас құралы және тануды жетілдіруге әкеледі. Бірақ тіл жүйесінің өзгерісі қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің дамуымен байланысты [6,136].

Америкадағы ағылшын тілінің ерекшеліктері бұрыннан лингвистердің назарын өзіне аудартуда. Американдық ағылшын тілінің британдық ағылшынға қатысты алатын орны туралы пікірлер бірдей емес. Кейбір авторлар американдық ағылшын тілін осы тілдің бір түрі деп есептейді. Басқалар бұл тілді дербес тіл деген пікір ұстанады. American English тілі Ұлыбритания ағылшын тілінің диалектісі деген үшінші көзқарас та бар.

Ең ыңғайлы және заттардың негізгі орнын көрсететін термин «ағылшын тілінің американдық нұсқасы» деп атаған дұрыс болады. . American English және British English сол тілдің нұсқалары деп танитын бірқатар негіздемелер бар.

Британдық және америкалық қолданыстардағы өзгеше тілдік құбылыс қатты көп емес. Көптеген грамматикалық формалар мен лексикалық бірліктер мағынасы және қолдану барысында да бірдей түсіп жатады. Үлкен алшақтық фонетика саласында байқалып жатады.

Алайда олардың көбісі түстердің әртүрлілігі мен жеке дауыстардың нұсқалары, кейбір дыбыстардың қызметтік және артикуляциялық ерекшеліктеріне байланысты.

АҚШ-та қабылданған әдеби норма британ нормасы модифицированный нұсқасын көрсетеді. Америкада шығарылатын оқулықтардың грамматикасы мен лексикасы бойынша нормативтермен танысқаннан кейін бұған көз жеткізу қиын емес.

Екі нұсқада құрылымдық белгілерінің маңыздылығымен түйісіп жатады. Бұл сөз құрылымдары, синтаксис, морфологияда саласында айқын [7, 346].

Екі нұсқаның жалпылығы туралы оларда кездесетін айырмашылықтар да дәлел болады. Тілдік материалдардың көрсеткіштеріне қарасақ, американдық және британдық нұсқалардың арасындағы алшақтықтар жүйелік сипатқа ие емес. Әрбір тіл өзінің грамматикалық, лексикалық және фонемдік жүйесіне ие болу керек. Алайда, American English және British English арасындағы алшақтық әр басқа сипатты және тіл жүйесін толығымен орайды.

Осы екі тілдің лексикалық құрамын салыстыра отырып, негізгі екі түрдегі: 1) қарама қарсы қою негізінде анықталатын сәйкес мүшелер бұдан әрі лексика-семантикалық дивергенттер деп аталынады, 2) сәйкес мүшелері бұдан әрі лексика-семантикалық ұқсастықтар деп аталынады.

1. Лексика-семантикалық дивергенттер тобына дыбысты тыс жалпылығы барысында мағыналық құрылымындағы көп немесе аз айырмашылықтар байқалатын сөздер кіреді. Аталған айырмашылықтарды бірнеше санатқа бөлуге болады:

а) ағылшын тілінің американдық және британдық нұсқаларының микро жүйелеріне енетін сөздер өзінің мағыналық құрылымының белгілі бөлігінде кездеседі және бір микро жүйеге жататын бөлігінде ғана айырмашылықтар табылады. Market (жалпы ағылшын базарлары, базар, тұрғын, сауда және американдық тамақ дүкені), reader (жалпы ағылшын оқырманы, оқырман, рецензент және британ оқытушысы, университет мұғалімі) сияқты сөздерде жалпы ағылшын нұсқаларымен бірге бір локалды маркированный лексика-семантикалық нұсқаның болуы белгіленеді.

б) faculty (жалпы ағылшындық тәсіл, сыйлық, британ факультеті, американдық профессор-оқытушылық құрам) және transportation (жалпы ағылшындық тасымал, тасымалдау, америка темір жол билеті, түрмеге британ сілтемесі) сияқты сөздердің мағыналық құрылымында көрінетін айырмашылықтар жалпы ағылшынның лексика-семантикалық нұсқасы бір локалды нұсқамен ғана емес, екі американиз және британизм нұсқамен жүзеге асырылады.

в) дивергенттерде түйісетін лексикалық мағыналар жоқ. Billion (америка миллиардері, британдық биллион) және dresser (америка әжетхана орындығы және британдық ас бөлме орындығы) сияқты бірліктер және басқа да – әртүрлі микро жүйелердің бірліктері болып табылады.

г) дивергенттердің арасындағы қарым-қатынас мағыналық байланыстың толығымен жоқ болуыменде сипатталады. Мысал ретінде, жалпы ағылшын muller үккіш және mullet ойланғыш адам, ойлауды жақсы көруші. [8, 196].

Америка жазылымы сөздің айтылымына сәйкес жазылатындықтан қарапайым тәсіл болып табылады. Жазылым барысындағы кейбір өзгерістер ағылшын тілінің американ сөздігінің авторы Н.Вебстермен енгізілген.

Осындай жазылымның ең қарапайым тәсіліне барлық сөздерде оғ пайдалану, ол ағылшынның британ тілінде – **our**, мысалы: color/colour, labor/ labour, honor/honour.

Er жалғауы -ге жалғауының орнына қолданылады, мысалы: center-centre, theater-theatre, kilometer-kilometre; ogre және cre – жалғауына аяқталатын massacre, nacre аяқталатын сөздер.

Естістіктерден пайда болған **I – p** аяқталатын барлық сөздерде **I – p** әріптері екі еселенбейді: travel-traveler, traveled, traveling; worship-worshiper. worshiped. worshipping.

Кейбір сөздерде **e** – жалғауы түсіріледі, adridgment. Acknowledgment. judgment.

Кейбір сөздерде **in** - приставкасы **en** - орнына қолданылады: Inclose-enclose / Insnare-mnsnare

ae және **oe** көп жағдайда қарапайымдылық тәсіліне ауысып жатады: Anemia-anaemia /

Diarrhea-diarrhoea

е және ие жалғаулары француз сөздерінде көбіне түсіріледі: Catalog-catalogue / Program-programme / Prolog-prologue / Chech-cheque

Көптеген американдықтар through орнына thru сөзін, though орнына tho сөзін, Marlborough орнына marlboro сөздерін қолданады. Жазылым барысында кейбір өзгешеліктер де бар: Favorite-favourite / Mold-mould / Stanch-staunch / Molt-moult / Gray-grey / Plow-plough / Skillful-skilful / Fulfill-fulfil / Tire-tyre

Американың «okay» сөзі қазіргі кезде Британ тілінде жиі қолданылып жүр. Атақты британ жазушылары мен қарапайым британ халықтары өздері байқамай-ақ америкадан енген біраз сөздерді қолдануда, мысалы: a way of life, teenager, boyfriend, girlfriend, baby-sister, TV, home town.

Арнайы мерзімдік билеті бойынша күнделікті жол жүретін адам мағынасын білдіретін «commuter» сөзі британдық ағылшын тілінде жиі қолданылады. Бұл британ «season ticket holder» сөзіне қарағанда тиімді және қарапайым [9, 116].

Американдықтар әрдайым жаңа сөздер тауып отырады, олар ең алдымен Америкада кейіннен Ұлыбританияға ауысып отырады. Осыған байланысты бізде «to televise», «television» сөздері және құрамды «cable» сөзінен «cablegram» сөзі және «sport», «broadcast» сөздерінен «telegram», «sportscast» сөздері пайда болды. Зат есімдерді етістік орнына немесе керісінше жағдайларда сөздік қор көбейтіліп отырады. Мысалы, пайдаланға дейін қауіпсіз орынға қою дегенді білдіретін to park сөзі қазіргі кезде are parked – көлік, балалар, ит, тіпті сағыз дегенді де білдіреді. Жаксы сападағы арзан зат бұл – good buy, тамақ – eats, мықты lay-out өндіретін техникалық дизайнер – know-how.

Қорытындылай келе, Американдық ағылшын тілінде қысқарту сөздік құрамның негізі болып жатуы бекер емес. Ағылшынның американдық нұсқасының ең басты тенденциясы ол сөздерді қарапайымдау болып табылады. Сонымен қатар қазіргі американдық нұсқада сөздік құрау, деривация, бленд, конверсия сияқты сөз құрылымдары тараған. Тіл әрқашан дамып отырады. Жыл сайын жаңа сөз құраушы моделдер пайда болып жатады. Оның кейбіреулері кең тарап, осыған байланысты көптеген жаңа сөздер туындайды. Кейбіреулері артқы жоспарға кетеді. Сондықтан да біздің қазіргі кезеңде, қажетті шамада дереккөздердің жоқтығына байланысты қиындатылатын, вокабулярдың жағдайы туралы нақты сипатқа ие болу керек.

Қолданылған әдебиет:

1. Флауэр, Е. Н. Лингвистические аспекты языковой вариативности : (брит. и амер. варианты англ. яз.) / Е. Н. Флауэр // Язык, культура, диалог в контексте современности : сб. науч. тр. – СПб.: Евразия, 2004. – С. 50 - 58.
2. Злыгостева, А. С. История США / А. С. Злыгостева // Обзорная статья по истории США от доколумбовой эпохи до начала XXI века. – Таганрог, 2009. – 217 с.
3. Нестерчук, Г.В. США и Американцы / Г.В. Нестерчук. – М.: Высшая школа, 1997. – 238 с.
4. Смирницкий, А. И. Лексикология английского языка / А. И. Смирницкий. – М.: Иностранная литература, 1956. – 260 с
5. Vaugh, Albert C. A History of the English Language / Vaugh, Albert C – N.Y., 1957. – 242 p.
6. Заботкина, В. И. Новая лексика современного английского языка / В. И. Заботкина. – М.: Высшая школа. – 1989. – 126 с.
7. Швейцер, А. Д. Очерк современного английского языка в США / А. Д. Швейцер. – М.: Высшая школа, 1963. – 215 с.
8. Косарева, Н. В. Отражение в переводе аналоговых значений между британским и американским вариантами английского языка / Н. В. Косарева // Вестник Московского университета. – 2006. – № 1. – 147 с.
9. Домашнев, О. А. О лексикографическом отражении американского стандарта

ОӘК: 376.105.4

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ҚАТЫНАСЫ

Кабибуллина Мәдина Мұратқызы

madina.nis@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 2-курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дарменова.А.Е

Көрші елдермен мәдени қарым-қатынастың кез келген халықтың қалыпты дамуына қажетті екені бәріне белгілі. Лексиканы кірме сөздермен, терминдермен, тіпті есімдермен өзара молайту заңды құбылысқа айналды. Біздің планетамызда көптеген халық тұрады. Олар әртүрлі тілде сөйлейді, бірақ бір-бірін түсінуді үйренуге болады. Ағылшын тілі жер бетіндегі ең көп тараған тілдердің бірі болып саналады. Ол тілде Ұлыбританияда, АҚШ-та, Жаңа Зеландияда, Канадада сөйлейді, оны басқа да көптеген елдер де үйренуде. Қазіргі күні лингвистика тарихына орыс-ағылшын тілдік қатынастарына қызығушылықтың арту кезеңі тән, оның өз себептері бар.

Ағылшын тілін «XX ғасырдың латыны» деп атайды. XX ғасырдың аяғында орыс тіліне барлық кірме сөздердің 3/4 ағылшын-американдық сөздерге тиесілі.

Кірме сөздер - тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т. б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Кірме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, мен орыс тілінде ағылшын тілінен енген сөздің көптігі, әр адам күнделікті сол сөздің көптігі, әр адам күнделікті сол сөздерді бірнеше айтады деп тұжырым жасауыма болады. Оған көз жеткізу үшін, азық-түлік дүкеніне кірейік. *Bacon* – бекон, *chocolate* – шоколад, *hot dog* – хот – дог, *cheeseburger* – чизбургер, *гамбургер* – *hamburger*, *fishburger* – фишбургер, *barbecue* – барбекю, *понкорн*, *(orange) fresh juice* – фреш джус, *yogurt* – йогурт, *pudding* – пудинг, *fast food* – фаст – фуд, *lunch* – ланч сөздері аударманы талап етпейді.

Ғаламдық дамудың жылдамдығы еселенген сайын жаңалықтардың енуі молаюда. Сол сияқты тілдер де өзгеруде, оның лексикасы барлық сөздік қоры өзгеруде. Дегенмен тарихи өзгерістерде адамзат қашанда бір – бірімен тілдік қатынас жасауда. Көптеген шет ел тілдерінің кірме сөздерінің енуі қоғам мен ғылыми өмірдің де жеделдете дамуын көрсетеді. Ақпараттық дамудың оның ішінде компьютерлендірілу, яғни ғаламтордың дамуы ағылшын тілінен кірме сөздер тасқынын молайтуда. Бұл халықаралық қатынас, нарықтық экономиканың дамуы, ақпараттық технология, олимпиадаға қатысу, халықаралық фестивальдар, сән үлгілерін көрсету мұның барлығы да жаңа сөздердің ену себептеріне жатады.

Мұндай ашықтық білім көкжиегінің, сана-сезімінің дамуына жаңа шет ел тілдерінің сөздерін ұсынуға жетелейді. Қазақстанда іскерлік, сауда, мәдени байланыс, туризм, тіпті бірлескен іскер фирмалар мен шет ел өндіріс орындарымен қатынас жасау жолдарының кеңеюі де әсер етуде.

Кірме сөздерінің енуінің негізгі өзекті себептері деп мынаны айтуға болады:

- Қандай тілдік құбылыс кірме сөздер деп аталады;